

Б.З. Бөжеева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті, Қазақстан, Алматы қ.

Есімде қалды мәңгілік...

Жамбатырова Гүлжауһар Шағатайқызы еліміздің жоғары оқу орындары ішінде қазақтың қара шаңырағына айналған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде ұлағатты ұстаз ретінде танымал болды. Халықаралық қатынастар саласындағы мамандықтың ашылуына орасан зор үлес қосып, халықаралық қатынастар факультетінің тұңғыш деканы қызметін атқарған абзал жан еді.

Жамбатырова Гүлжауһар Шағатайқызы жөнінде таңға жыр, дастан қылып айтуға болады десек артық айтпағандық. Гүлжауһар апай бізге 3-курста оқып жүргенде «Шығыс мәселесі» бойынша арнайы курстан дәріс оқыды. Бірінші күннен-ақ апайға қатты бауыр басып кеттік, өзінің мейірімділігімен, жылы жүзімен, білімділігімен, қарапайымдылығымен, әдемі күлкісімен бізді баурап алды.

Ресей жерінде дүниеге келіп, сонда білім алып, орыс тілді маман бола тұрса да, ұлтына деген сүйіспеншілігі ерекше жан еді. Дәрістерін қазақ тілінде өткізуге тырысатын, кейбір сөздердің қазақша аудармасын бізбен ақылдаса отырып, аударып өзіне жазып алатын, қазақша үйренуге, қазақ тілінің құнарлылығын сезінуге талпынатын. Қазақ тілінде сөйлегенде әр сөздің қадірін біліп сөйлейтін.

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» демекші, әрі қиын да, қызықты мамандық иесі ретінде үнемі ізденіс үстінде жүретін. Сапалы білім мен саналы тәрбие берудің майталманы еді, әр дәрісін әсерлі де, қызықты өткізетін. Гүлжауһар Шағатайқызы – ұлағатты ұстаз, өте жоғары деңгейдегі білікті маман бола алды.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасын» демекші Жамбатырова Гүлжауһар Шағатайқызының кісілік мәдениеті жоғары, өте қарапайым жан еді. Өз ортасында ол кісінің

адамгершілік ықпалы зор, шапағаты мол болатын. Гүлжауһар Шағатайқызының жақсылығын, қамқорлығын факультетіміздің әрбір студенті, аспиранты, оқытушысы, қызметкерлері көрді деп ауыз толтыра айта аламыз, елдің бәріне шын көңілімен қолдан келген көмегін аямайтын және әрқайсысына аналары сияқты қамқорлықпен қарайтын, жағдайын сұрап, кімге қолұшын берсем деп елпілдеп тұратын жан еді. Қазақтың зиялы әйелі қандай дегенде, мынандай деп ұялмай үлгі етіп көрсететін кісі еді. Мен профессормын деп дандайсып тұру Гүлжауһар апайда атымен жоқ болатын.

4-курстың жазғы семестрін алдын ала жауып, перзентханаға жатпақшы болып, апайға соңғы курс жұмысымды апарып қорғамақшы болдым. Қобалжыдым ба білмеймін, әйтеуір апайдың алдына отырып алып, курс жұмысымды әрі-бері ақтарып, жауап берейін деп басымды көтерсем, апай күлімсіреп маған қарап отыр екен. Курс жұмысымның бетін жапты да, маған «қорқасың ба?» – деді, мен басымды изедім. Гүлжауһар Шағатайқызы маған «қорықпа, бәрі жақсы болады, елдің бәрі ана болып жатыр, құдайға сыйын, мен де сенің тілеуіңді тілеймін» деп кабинетінен менімен ілесіп шығып, менімен баспалдаққа дейін келіп, күлімсіреп тұрып, сәттілік тілеп, шығарып салды. Сол сәт ешқашан есімнен кетпейді.

Күзде сабаққа келдім, апай шетелден келген болатын, коридорда мені көре салып, «молода мамаша» деп құшақтап, құттықтап, маған қарады да, «мынауың не, неге жеңіл жүрсің, олай болмайды» деп жас ананың қалай киініп, қалай өзін күтуі жөнінде ақылдарын айтты. «Көрген көргенін істейді» демекші, қазір мен де апайым сияқты аяғы ауыр студенттеріме мейіріммен, түсінушілікпен қарауға тырысамын.

Біздің отбасымыздың ғылыми жетекшісі болды, бір күні телефон соғып үйіне келіп кетуімізді сұрады. Аманкелді екеуміз кандидаттық диссертациямызға байланысты шақыртуда ғой деп, жазған мақалаларымыз бен есебімізді алып бардық. Анамыздай құшағын жая қарсы алды, әуелі денсаулығымыз бен балаларымыздың жағдайын сұрады, дастарқан жайып қойыпты, әңгімелесіп болған соң біз қайтуға жиналды. Апай: «қазір көктем кезі, екеуің де аспирантсыңдар, кітап көп оқисыңдар, қарындарың ашып қалмасын, мына соғымның етін алыңдар» деп бір жәшік етті ұсынғаны. Біз азар да, безер болып ұялып, алмаймыз деп едік, «менің жүрегімді ауыртқыларың келсе, өздерің біліңдер» дегесін алдық.

Көктемде кандидаттық диссертациямды қорғадым, күзде дипломымды алған соң, апайға телефон соқтым. Телефоннан маған «неге сүйінші сұрамайсың, бұл сенің қаншама жылғы еңбегіңнің жемісі емес пе, бұл үлкен бақыт емес пе?» – деп қуанып, «үйге келіндер» деді. Университеттің ғылыми хатшысынан дипломымды алып тұрғанымда мұндай қуанышқа бөленбеген менің ғылыми жетекшімнің әлгі сөзінен кейін төбем көкке бір елі жетпей қалды. Апайдың үйіне келсек «мынау сүйіншің, мынау жуғаным, мынау қызым, саған кигізген көйлегім» деп қолыма ұстатып жатыр. Мен таңғалып, «жоқ, апай, алмаймын, қайта мен сізге әкелуім керек қой» деп едім, маған бір қарады да, «мен сенің ғылыми жетекшің ғана емеспін, анаңмын ғой, осындай қуанышта анасы көйлек кигізеді» деп қоярда-қоймай арқалатып жіберді.

Келесі жылы жолдасым кандидаттық диссертациясын апайдың жетекшілігімен ойдағыдай қорғап шықты. Бір күні кабинетіне шақырды, барсақ «келетін оппоненттің жолы мен қонақ үйінің пұлын өзім төлеймін» деп қоярда қоймай, төледі.

Мұның барлығын айтып отырған себебім, Гүлжауһар Шағатайқызы студенттеріне, аспиранттарына, қол астындағы қызметкерлеріне анасы сияқты қамқорлықпен қарайтын. Әрбір студенттерінің, аспиранттарының аты-жөніне дейін білетін. Кездесіп қалған студенттерінен «айналайын, қалың қалай, қарның ашқан жоқ па,

ақшаң бар ма?» деп сұрағанын өз құлағыммен естігенде, апайға одан бетер тәнті болатыным.

Ешкімді жатсынып, жатырқамай өзімен тең ұстап, адамды мұқият тыңдай алатын, еркін сөйлесетін, адам қызығарлық ерекше қасиеттері тағы бар. Өзінің аспиранттарына, жас оқытушыларға, «Айналайындар, алдарыңа келген студенттерің сұрақтарына жауап бере алмаса, түк білмейсіңдер деп қорламаңдар. Білмесе, қайтадан оқып келуін айтыңдар, ертең оқып келіп-ақ жауап береді. Әр адамның білгенінен білмейтіні көп қой. Мен оқытушымын, мен доцентпін, ол студент деп кекірейіп, адамды кемсітпендер. Ертең қолдарыңа билік тигенде де қарапайым болыңдар. Адам қызметі өскен сайын қарапайымдана түссе, қандай тамаша! Құдай кекірейгеннен сақтасын», – деген сөздері құлағымнан кетпейді.

Кей кездері менменсінген біреулерді көз алдында аласартып, кішімен, сенімен жылы сөзбен сөйлесіп, сені көтермелеп, марқайтатын кезі де болатын.

Үлкенге де, кішіге де нағыз ақылшы дос бола алатын. Қабағына қарап-ақ көңіліндегі кірбінді байқап, әбігерге түсетін. Сондай жаны нәзік сезімтал еді, бір нәрсені ол кісіден жасырып қалу мүмкін емес. Адамның ішкі жан дүниесін терең түсініп, бірге күліп, бірге жылай алатын жан еді. Осындай адамгершілік қасиеттерін өз көзіңмен көргенде апайға одан бетер тәнті болып, еліктей түсетінбіз.

Әдемілікке жаны құмар. Үнемі өзі де қасында жүрген ұжымын да әдемілікке шақыра білді. Өзінің жүріс-тұрысымен-ақ, мінезімен-ақ айналасына үлгі көрсете білді.

2002 жылдың 8 ақпанында сұм ажал Гүлжауһар апайымызды арамыздан алып кетті. Орны толмайтын қайғы...

Адам өтер, бәрі де кетер, тек адамның сарқылмас сазы, өмірдің өшпейтін жолы, айтылар сөзі қалар мәңгілік. Өзі бұл дүниеден өтсе де, оның рухы мәңгі өлмейді, «атағы шыққан өлмейді, есте қалмаған өледі», – деп Рәшид-әд-Дин айтқан ғой. Жұртына аса ізгі мұра қалдырған, ұлағатты ұстазымыз, қазақтың біртуар зиялы қызы Гүлжауһар Шағатайқызының бейнесі ешқашан ұмытылмақ емес, оның жолы – барлығымызға мирас.